



Мемлекет басшысы сөз ба-
сында қонақжайлық танытып,
Саммиттің жоғары деңгейде
ұйымдастырғаны үшін
Өзбекстан Президенті Шавкат
Мирзиёевке алғыс айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Иль-
хам Әлиевке ілтипат білдіріп,
Әзербайжанның аталған кеңеске
толық мүше ретінде қосылуын
тарихи шешім деп бағалады.
Сондай-ақ Бакудің жаңа стату-
ста аймақ ынтымақтастығын
кеңейтуге айтарлықтай үлес
қосатынына сенім артты.

Президент Орталық Азия
мемлекеттері басшыларының
Консультативтік кездесулері өз
түімділігін дәлелдегенін айтты.

– Қазір Орталық Азия ауқымды
трансформация кезеңін өткеріп
жатыр. Жабық шекаралар
мен оқшауланудың уақыты
өтті. Мұны сеніммен айтуға
болады. Ортақ күш-жігердің
арқасында өңірдің ішкі бірлігі
артты. Бұл елдеріміздің да-
муына және халықаралық
ынтымақтастыққа кеңінен
жол ашты. Әлемнің алдыңғы
қатарлы мемлекеттері өңірдің
жаһандық үдерістерде маңызды
рөл атқаратынын мойындай-
ды. Сондықтан «Орталық
Азия плюс» форматына
қызығушылық артып келеді.

Бұған биыл негізгі шетелдік
серіктестермен өткен саммит-
тер дәлел бола алады. Менің
ойымша, мұндай серіктестіктің
басты мақсаты – өңірдегі
тұрақтылықты нығайту
және орнықты прогресс
үшін жағдай жасау, елдеріміз
бен халықтарымыздың әла-
уқатын, бақуатты тұрмысын
қамтамасыз ету. Орталық
Азияның әлеуметтік-
экономикалық тұрғыдан
қарқынды дамыған әрі жан-
жақты ынтымақтастық пен
бейбітшілік орнаған берекелі
өңір ретіндегі мәртебесін
нығайтуды көздейміз, – деді Пре-
зидент.

Қасым-Жомарт Тоқаев өңірлік
ықпалдастықтың экономикалық
негізін күшейткен толайым
табыстарға тоқталды.

– Өндіріс, энергетика, маши-
на жасау, агроөнеркәсіп және
басқа да секторларда бірлескен
кәсіпорындардың саны көбейіп,
ауқымды жобалар жүзеге асы-
рылып жатыр. Сауда кедергілері
біртіндеп жойылып, жаңа өткізу
бекеттері ашылып, авто,
теміржол арқылы байланыс
жанданып келеді. Нәтижесінде был-
тыр өңір ішіндегі сауда-саттық
көлемі 11,5 миллиард долларға
жетті. Көрсеткішті 20 милли-
ард долларға дейін жеткізу үшін
осы қарқынды сақтау қажет деп
ойлаймын, – деді Президент.

Мемлекет басшысы
перспективті салаларда
серпінді жобаларды бірлесе
іске қосуды ұсынды. Оның ай-
туынша, Қазақстан бидай-
ды, майлы дақылдарды, ет-
сүт өнімдерін терең өңдеу,
мал және органикалық егін
шаруашылықтарын дамыту

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІ БАСШЫЛАРЫНЫҢ VII КОНСУЛЬТАТИВТІК КЕЗДЕСУІНЕ ҚАТЫСТЫ

арқылы бұл
бағытта тиімді
жұмыс атқаруға
дайын. Соны-
мен қатар зама-
науи қоймалар,
логистикалық
орталықтар са-
лу, ішкі
нарыққа және
экспортқа
арналған дай-
ын тағам
өнімдерін өндіру
бағыттарының
келешегі зор.

Президенттің
пікірінше,
халықаралық
аренадағы
өзгерістер кезеңінде Орталық
Азия елдерінің Еуразиядағы
негізгі транзиттік торапқа
айналуға бірегей мүмкіндігі бар.

Мемлекет басшысы елдеріміз
тек келісімді әрі үйлесімді
әрекет еткенде ғана аймақтың
әлеуеті толық ашылатынына
сенімді.

– Бір-бірін қайталайтын
тексерістерден, шека-
радан өту кезіндегі шек-
тен тыс бюрократиялық
рәсімдерден арылу үшін Жүкті
тасымалдаудың бірыңғай
электрондық жүйесін енгізу
мәселесін қарастырған жөн.

Аймақтың әлеуетін одан әрі
нығайту үшін Орталық Азияның
көлік жүйесін дамытудың
кешенді стратегиясын бірлесіп
өзірлеуді ұсынамыз. Шека-
ра маңында қалыптасып
келе жатқан өнеркәсіп хабы
кең мүмкіндікке жол ашады.

Оны дамыту аясында жоғары
технологиялық жобаларды іске
қосуға баса назар аударған жөн, –
деді Президент.


Қасым-Жомарт Тоқаев жиынға
қатысушылар назарын сирек
кездесетін металдарды
өндіру және өңдеу саласындағы
ықпалдастық перспективасына
аударды.

– Мемлекеттеріміз әзірге
толық барланбаған, бірақ
айтарлықтай мол ресурсқа ие.
Аймаққа озық технология тарту
және инновациялық шешімдерді
енгізу ісінде күш біріктіру керек.

Қазақстан Астанада Сирек ме-
талдарды зерттеу жөніндегі
өңірлік орталығын құру баста-
масын көтерген болатын. Бұл
мекемеді кеніштер мен оны
игеру технологиялары туралы
өзекті ақпараттарды жинақтап,
инвесторларға ұсына аламыз, –
деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев жа-
санды интелект техно-
логиясын кеңінен қолдану
нәтижесінде пайда болатын
мүмкіндіктерге тоқталды.

Президент елімізде ЖИ-ді жан-
жақты енгізу шаралары, сондай-



ақ өзбек әріптестермен бірге
атқарылып жатқан жұмыстар
жөнінде баяндады.

– Жасанды интелект
саласындағы серіктестікті одан
әрі дамыту үшін аталған техно-
логияны қолданудың бірыңғай
стандарттарын әзірлеу керек.

Орталық Азия мемлекеттерінде
жасанды интелекті
жауапкершілікпен пайдалану
туралы декларацияның жоба-
сын дайындауды ұсынамын.

Құжат бірлескен цифрлық жоба-
лар аясында мәлімет алмасқан
кезде ашықтықты, сенім мен
қауіпсіздікті қамтамасыз ету-
ге мүмкіндік береді. Осылайша,
барлық қатысушының құқығы
қорғалатынына кепіл болады, –
деді ол.

Президенттің айтуынша, өңір
үшін су қауіпсіздігі мәселесі аса
өзекті.

– Соңғы бес жылда елдеріміз
су саясатына қатысты
ұстанымдарын жаңғыртты.

Су проблематикасының
трансшекаралық сипатын еске-
ре отырып, салалық страте-
гиямызды үйлестіру маңызды
деп санаймын. Бұл бір жағынан
су үнемдеудің анағұрлым сәтті
тәжірибелерін кеңінен тарату
үшін қажет. Алдағы уақытта
халықаралық стандарттарға
сәйкес Орталық Азияның суды
пайдалану жөніндегі негізде-
мелік конвенциясын қабылдауды
ойластыруға болады. Мұндай
құжат саладағы бірыңғай жұмыс
қағидаттарын бекітіп, ықтимал
қарама-қайшылықтардың алдын
алуға мүмкіндік береді. Келесі
жылы сәуір айында Астанада
Өңірлік экологиялық саммитімен
қатар өтетін Халықаралық
Аралды құтқару қорына мүше
мемлекеттер басшыларының
жиынында осы тақырыпқа ора-
лып, ұсыныстарды талқылай
аламыз. Сіздер аталған іс-
шараларға белсенді қатысады
деп сенемін, – деді Мемлекет
басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың
пікірінше, мәдени-гуманитарлық
байланыстарды нығайту
өңір елдері үшін негізгі
басымдық саналады. Мем-
лекет басшысы Өзбекстан
Президентін Самарқанд
қаласында ЮНЕСКО-ның
Бас конференциясын
табысты өткізуімен
құттықтады.

Президент ортақ
тарихи-мәдени мұраны
сақтаудың, ұлттық
қолөнерді насихаттау
және тұрақты түрде
бірлескен іс-шаралар
ұйымдастырудың
маңызына назар аударды.

Кинематография сала-
сында, сондай-ақ зама-

науи туристік
кластерлер
құру және жаңа
технология-
ларды пайдала-
ну арқылы Ұлы
Жібек жолының
мұрасын дәріп-
теуде біршама
іс тындыруға бо-
лады.

– Осы салада ба-
рынша белсенді
әрекет етіп, ту-
ризм саясатын
өзара түімді
үйлестіретін
уақыт жетті
деп ойлаймын.

Бұған дейін бүкіл өңірге ортақ
туристік бағдарларды дамы-
ту туралы ұсыныс айтылған
еді. Біз мұндай бастамалар-
ды қолдаймыз. Бұдан бөлек,
Орталық Азияның біртұтас
туристік брендин ілгерілетуде
пәрменді шаралар қабылдауды
ұсынамыз. Туризм саласындағы
ынтымақтастық туралы
келісім және Орталық Азия
елдерінің бірыңғай туристік
кеңістігін қалыптастыру
аталған саладағы байланы-
старымызды жандандыруға
құқықтық негіз бола алады, –
деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев
Ташкенттегі Ислам өркениеті
орталығынан алған әсерімен
бөлісіп, Шавкат Мирзиёевтің
аталған мекемені ғылыми-
зерттеу жұмыстары
жүргізілетін ортақ алаңға ай-
налдыру жөніндегі бастамасын
қолдады.

Мемлекет басшысы әлемдегі
геосаяси дүрбелең жағдайында
өңірлік тұрақтылық пен
қауіпсіздікті күшейтудің мәні зор
екенін айтты. Бұл ретте Прези-
дент Тәжікстан мен Қырғызстан
арасындағы мемлекеттік
шекара туралы, сондай-ақ
Қырғызстан, Тәжікстан және
Өзбекстан шекараларының
түйісу нүктесі туралы
шарттарға қолдау білдіріп, бұл
мәмілелерді маңызды қадам
ретінде бағалады. Бұдан бөлек,
жақында Тәжікстанның ХХІ
ғасырдағы Достық жөніндегі
шартқа қосылуын елеулі шешім
деп атады.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың
пікірінше, өңір әлі де терроризм
мен діни экстремизм, есірткі
тасымалы және трансұлттық
қылмыс секілді сын-
қатерлермен бетпе-бет келіп
отыр. Бұл қауіптерді бірлесіп
қана еңсеруге болады. Осы
бағыттағы жұмыс өңір елдерінің

Қауіпсіздік кеңестері хатшыла-
ры деңгейінде жүргізілуге тиіс.

Сөз соңында Президент
Консультативтік кездесу
форматын одан әрі жетілдіру
мәселесіне тоқталды.

– Ұлттық үйлестірушілер
кеңесі бекітілгеннен бері бұл
алаң тиімділігін көрсетті.

Кеңестің рөлін күшейтетін
уақыт келді деп ойлаймын. Ол
уағдаластықтардың орын-
далуын бақылаумен шек-
телмей, өңірді дамытудың
стратегиялық векторларын
өзірлеумен айналысуы керек.

Өзбекстан Президенті Шавкат
Мирзиёевтің осы форматтың
институционалды негізін
күшейтуге қатысты ұсынысын
қуаттаймын. Бұл мәселелерді
жұмыс тәртібінде талқылап,
тиісті бастамаларды бекітуге
болады деп ойлаймын. Орталық
Азия сараптамалық форумын
өңірлік ықпалдастық жүйесіне
қосуды ұсынамын. Соның
нәтижесінде форум зерт-
теу жүргізетін және бірыңғай
тәсілдер қалыптастыратын
негізгі платформаға айнала
алады, – деді Мемлекет басшысы.

Саммитте Өзбекстан
Президенті Шавкат Мирзиёев,
Түрікменстан Президенті Сер-
дар Бердімұхамедов, Тәжікстан
Президенті Эмомали Рахмон,
Қырғызстан Президенті Са-
дыр Жапаров және Әзербайжан
Президенті Ильхам Әлиев сөз
сөйледі. Сонымен қатар БҰҰ Бас
хатшысы Антониу Гутерриш
бейнеүндеу жолдады.

Орталық Азия мемлекеттері
басшыларының VII
Консультативтік кездесуінің
қорытындысы бойынша прези-
денттер мынадай құжаттарға
қол қойды:

1. Орталық Азия мемлекеттері
басшыларының VII
Консультативтік кездесуінің
қорытындысы бойынша
бірлескен мәлімдемесі;

2. Орталық Азия мемлекеттері
басшыларының 2027-2028
жылдар аралығында БҰҰ
Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты
емес мүшелігіне Қырғыз
Республикасының кандидатура-
сын ұсыну бойынша БҰҰ-ға мүше
елдерге үндеуі;

3. Әзербайжанды Орталық Азия
мемлекеттері басшыларының
VII Консультативтік кездесуінің
толық құқылы қатысушысы де-
тану туралы шешім.

Орталық Азия мемлекеттері
басшыларының бірлескен
мәлімдемесіне сәйкес мынадай
құжаттар қабылданды:

1. Орталық Азиядағы өңірлік
қауіпсіздік, тұрақтылық
және орнықты даму
тұжырымдамасы;

2. Орталық Азиядағы қауіпсіздік
тәуекелдері мен олардың ал-
дын алудың 2026-2028 жылдарға
арналған тізбесі.

akorda.kz



ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ПЕН АЛАР КАРИС ҚАЗАҚСТАН-ЭСТОНИЯ БИЗНЕС ФОРУМЫНДА СӨЗ СӨЙЛЕДІ



асатын 11 коммерциялық құжатқа қол қойды.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Эстонияның іскерлік топ өкілдері қатысып жатқан бизнес-форум сауда және инвестиция саласындағы екіжақты ықпалдастықты жандандыруға септігін тигізетініне сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев көлік-логистика, цифрландыру, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, қаржы және білім беру салаларындағы өзара тиімді серіктестіктің перспективті бағыттарына тоқталды. Сондай-ақ елімізде эстониялық бизнестің кеңеюіне жан-жақты қолдау білдіруге дайын екенін растады.

Жиында Эстония Президенті Алар Карис те сөз сөйледі.

Бизнес-форум аясында екі ел компаниялары жалпы құны 517 миллион доллардан

akorda.kz

ЖЕТИСҮ ОБЛЫСЫНДА ӨНДІРІЛГЕН ӨНІМДІ ӨНДЕУ КӨЛЕМІ 68%-ҒА ЖЕТТІ

Жетісу облысында ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласында 123 кәсіпорын жұмыс істейді. 2025 жылдың басынан бері 74,2 млрд теңгенің азық-түлік өнімі өндірілді. Жалпы, өңірде өндірілген өнімді қайта өңдеу көлемі 68%-ға жетті, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметіне қарағанда, биыл ауыл шаруашылығы дақылдарының жалпы егіс алқабы 500,0 мың гектар болған. Бұл ретте қант қызылшасын дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Облыс құрылғаннан бері тәтті түбірдің егіс алқабы 2022 жылғы 4,2 мың гектардан биыл 12,2 мың гектарға дейін үш есеге жуық ұлғайған.

Өткен жылы өңірде қант қызылшасынан рекордтық өнім алынып, жалпы түсім 630 мың тоннаға жетті. Сонымен қатар 2023 жылы үш жыл тоқтап тұрған Ақсу қант зауыты толық жаңғыртудан өткізіліп, іске қосылды. Бұдан бөлек, 60 млн еуро инвестиция тартылып, Көксу қант зауытының жылдық қуатын 500 мың тоннаға ұлғайту жобасы жүзеге асырылуда. Сондай-ақ ұзақ уақыт жұмысы тоқтап тұрған «Жетісу Мажико» агрокешені қайта іске қосылып, майлы дақылдарды қайта өңдеу кәсіпорны жұмысын жандандырды. Кәсіпорынның қуаттылығы 100 мың тоннаға дейін шикізат өңдеуге мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде өңірде қант қызылшасынан басқа дақылдарды жинау толық аяқталды. 284,9 мың гектар дәнді дақылдың 771,9 мың тоннасы бастырылды. 106,5 мың гектар майлы дақылдан 233,7 мың тонна өнім алынды. Егілген 15,2 мың гектар картоп пен көкөніс-бақша дақылдарынан 404,8 мың тонна өнім жиналды. Бүгінде қант қызылшасының 11,4 мың гектары, яғни 93,9%-ы жиналып, 452,2 мың тонна өнім алынған.

Ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметіне сүйенсек, жыл басынан бері агроөнеркәсіптік кешенге (АӨК) 20 млрд теңгеден астам инвестиция тартылды, оның ішінде азық-түлік өнімдерін өндіру саласы да бар. Жалпы алғанда, 2025–2027 жылдарға арналған Инвестициялық жобалар картасы аясында өңірдің АӨК саласында жалпы құны 94,4 млрд теңге болатын 23 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарлануда.

Оның ішінде биыл ылғал үнемдеу технологиясы бойынша 6 жоба жүзеге асырылуда:

- Өңірде бұрын айналымнан шығып қалған суармалы жерлерді қайта айналымға енгізу жұмыстары жүргізілуде, ирригациялық желілерді қалпына келтірудің 6 жобасы іске асырылып жатыр. Соның нәтижесінде 23,2 мың гектар суармалы жерді қалпына келтіру және 5,3 мың гектар жаңа жерді айналымға қосу жоспарланған. Бұдан бөлек, су ресурстарын үнемдеу мақсатында ылғал үнемдеу технологияларын кеңінен қолдану жұмыстары жүргізілуде. Биыл мұндай технологияны енгізу аумағын 55,2 мың гектарға жеткізу межеленіп отыр. Бүгінде оның көлемі 36,1 мың гектарға жетті, соның ішінде тамшылатып суару – 14,1 мың гектар, жаңбырлатып суару – 22 мың гектар, – деді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Нұрдаулет Кененбаев.

Атап өтсек, Жетісу облысы құрылғаннан бері атқарылған жұмыстардың нәтижесінде пайдаланылмай жатқан 1,3 млн гектар жер анықталған. Оның 712 мың гектары қайта айналымға енгізілді, ал 600,4 мың гектары мемлекет меншігіне қайтарылды. Мемлекеттік меншікке қайтарылған жайылымдық жерлердің 151,7 мың гектары елді мекендердегі жеке аулалардың мал жайылымы үшін берілді, ал 269,2 мың гектары конкурс арқылы таратылды. Қалған 179,5 мың гектар жерді айналымға енгізу жұмыстары келесі жылдың бірінші жартысында аяқталмақ.

Жалпы мал шаруашылығы бойынша айтатын болсақ, жыл басынан бері мал басы 2,6 млн басқа жетті. Нарықты ет, сүт өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында өңірде 27,7 мың басқа арналған 71 бордақылау алаңы, 8,3 мың басқа арналған 35 тауарлы сүт фермасы жұмыс істейді. Сонымен қатар үш ірі тауарлы сүт фермасы 2 млрд. теңге инвестция тарта отырып, 1190 басқа дейін кеңейтілді.

Ветеринария саласы да назардан тыс қалған жоқ. Облыс құрылғанға дейін 34 веппункт болса, құрылғаннан бері тағы 67 жаңа ветеринариялық нысан пайдалануға берілді. Келесі жылы 16 нысан салу

жоспарланып отыр, соның нәтижесінде ауылдық округтер ветеринарлық нысандармен толық қамтылады.

Жалпы, биыл Жетісу облысында ауыл шаруашылығы саласын қолдауға 64 млрд теңге қарастырылған. Оның ішінде субсидиялар, жеңілдетілген несиелер және техниканы лизингке алу қаражаты бар. Соның 10 млрд теңгесі «Кең дала» бағдарламасы аясында бөлінген. Ал 2025 жылдың қаңтар-қазан айларында ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 403,6 млрд теңгені құрады.

Фотографтар: Дмитрий Ерофеев, Жеңіс Ысқабай

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

БЕЙБІТ ИСАБАЕВ ЖЕТІСУЛЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАР ТАПСЫРДЫ



Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев Ауыл шаруашылығы қызметкерлері күніне орай осы саланың бірқатар мамандарына мемлекеттік марапаттар тапсырды. Атап айтқанда осы күні механик, трактор жүргізушісі, малшы, шаруа қожалықтарының жұмысшылары сияқты 7 еңбек адамы құрметке ие болды, – деп хабарлайды Жетісу облысы

әкімінің баспасөз қызметі.

Жиынға келген мамандарды кәсіби мерекелерімен құттықтаған Бейбіт Исабаев өз сөзінде аграрлық салаға көрсетіліп отырған қолдауларға, Президенттің қатысуымен өткен Агрофорумда айтылған мақсат-міндеттерге қысқаша тоқталды:

– Бұл мереке өмірін ауыл шаруашылығымен тығыз байланыстырған еңбек адамдарының қажырлы қызметіне көрсетілген құрмет деп білеміз. Мемлекет басшысы Агрофорумда фермерлерді қолдау, су үнемдеу технологияларын енгізу, заңсыз алынған және игерілмей бос жатқан жерлерді қайтару, агроөнеркәсіп кешенін цифрландыру, өнімді терең өңдеп, халықаралық нарыққа шығару және басқа да секторларды дамыту туралы кеңінен айтты. Біз облыста осы бағыттар бойынша тиісті жұмыстар жүргізіп келеміз. Агросубъектілерді қолдауға мемлекет тарапынан биыл 64 млрд. теңге қарастырылды. Осындай қолдаудың нәтижесінде өңірде ауыл шаруашылығы өнімдерінің шикізатын өңдеу үлесі 68% жетті, – деп атап өткен өңір басшысы бүгінгі беріліп отырған марапат азаматтардың адал еңбегі мен маңдай теріне деген лайықты баға екенін жеткізді.

Осы жиында III дәрежелі «Еңбек даңқы» ордені Кербұлақ ауданынан «Нұрқадам» шаруа қожалығының трактор жүргізушісі Жалғас Бегімбетовке, Ақсу ауданынан «Құндақбаев» шаруа қожалығының малшысы Талғат Құндақбаевқа, «Құрмет» ордені сарқандық «СЗЦ Алмалы» ЖШС шаруа қожалығының жұмысшысы Ерлан Блескелдинов пен «Душкін СН» шаруа қожалығының басшысы Сергей Душкінге, «Ерен еңбегі үшін» медалі Көксу ауданынан «Мырзахан» ШҚ жұмысшысы Асқар Өмірбековке, Ескелді ауданынан еңбек ардагері, зейнеткер Өмірсерік Мырзахметовке, Қаратал ауданынан «Опытное» АШӨК-нің механигі Родион Лиге берілді.

Марапатталушылар атынан сөз алған «Мырзахан» ШҚ жұмысшысы Асқар Өмірбеков осы салада 25 жылдан бері еңбек етіп келе жатқанын тілге тиек етті. Оның айтуынша, шаруашылық малшылықпен және егіншілікпен айналысады. Жұмысшылардың жалақысы, тұрмыс жағдайы жақсы екенін айтқан А. Өмірбеков өзіне көрсетілген құрмет үшін ризашылығын білдірді.

Ал «Душкін СН» шаруа қожалығының басшысы Сергей Душкін – егін шаруашылығында елеулі жетістікке жеткен фермерлердің бірі. Оның айтуынша, алдағы уақытта шаруашылыққа тамшылатып суару технологиясын енгізу жоспары бар.

– Бізге, яғни ауыл шаруашылығы қызметкерлеріне мемлекет тарапынан субсидия, жеңілдетілген бағада жанар-жағармай, басқа да қолдау шаралары тұрақты көрсетіледі. Ол шаруашылықтарға үлкен мүмкіндіктер беріп отыр. Біз жастардың ауылдан кетпеуіне жағдай жасап, оларға жұмыс беріп, барынша қолдауға тырысып келеміз. Алдағы уақытта да ауылдық жерлерді дамытуға үлес қоса береміз, – деді ол.

«Опытное» АШӨК-нің механигі Родион Ли 45 жылдан бері ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істеп келеді.

– Еңбек жолымды механизатор болып бастадым. Ұзақ жылдан бері шаруашылықта механикпін. Барлық техниканы жөндейміз, олардың егін егуден өнім жинауға дейінгі кезеңде үзіліссіз қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз етеміз. Қазіргі жастарға айтарым, адам өз жұмысын жақсы көріп істесе, жұмыс та оған қиындық туғызбайды, махаббатпен атқарылған іс әрқашан жемісті болады, – дейді Р. Ли.

Еске салсақ, бұған дейін ауыл шаруашылығы саласын дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін Көксу қант зауытының директоры Алтынбек Абатов биыл елімізде тұңғыш рет беріліп отырған «Қазақстанның аграрлық саласының еңбек сіңірген қайраткері» атағын, Алакөл ауданынан табыншы Жасқайрат Қамизанов III дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденін Президенттің қолынан алған болатын.

Атап өтсек, жыл басынан бері облыста 74,2 млрд теңгенің азық-түлік өнімі өндірілген. Ал ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 403,6 млрд теңгені құрап отыр.

Фотограф: Александр Склабовский

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



ЖЕТИСУДА ПАТРУЛЬДІК ПОЛИЦИЯ ЖОЛ ТӘРТІБІН САҚТАУ МӘСЕЛЕСІНЕ НАЗАР АУДАРДЫ



«Заң және тәртіп» тұжырымдамасы аясында Жетісу облысы полиция департаментінің патрульдік полиция батальоны қызметкерлері 2025 жылдың он айында жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ауқымды жұмыс жүргізді.

Бақылау және қадағалау функцияларын іске асыра отырып, полицейлер 38 мыңнан астам жол қозғалысы ережесін бұзу фактілерін тіркеді. Олардың ішінде адам өміріне тікелей қауіп төндіретін аса ауыр құқық бұзушылықтар да бар. Есептік кезеңде жол-көлік оқиғаларының негізгі себептеріне айналатын ерескел бұзушылықтарға ерекше назар аударылды.

Соның ішінде: 143 жүргізуші мас күйінде көлік басқарған — бұл әр жағдайда жол қатысушылары үшін тікелей қауіп төндіреді; 21 мыңнан астам жүргізуші жылдамдық режимін асырып кеткен;



118 жүргізуші қарсы бағыттағы қозғалыс жолағына шыққан — ең қауіпті бұзушылықтардың бірі; 2 мыңнан астам жүргізуші көлік жүргізу кезінде мобильдік телефон қолданған; 3 мыңнан астам жаяу жүргінші жол ережелерін елемеген.

Полиция кез келген заң бұзушылық үшін жауапкершіліктің бұлтартпайтынын еске салады. Жол қозғалысы ережелері — тек қағида емес, олар адам өмірін қорғау мақсатында енгізілген талаптар.

Құқық қорғау орғандары жүргізушілер мен жаяу жүргіншілерді жауапкершілікке, мұқияттылыққа және белгіленген нормаларды қатаң сақтауға шақырады. Тек ортақ тәртіп пен жоғары мәдениет арқылы жол-көлік оқиғаларын азайтып, адам өмірін сақтап қалуға болады.

Жетісуда патрульдік полиция жол тәртібін сақтау мәселесіне назар аударды

Дереккөз: ҚР Ішкі істер министрлігінің ресми ақпарат ресурсы

ТАЗА ОРТА – САЛАУАТТЫ ӨМІРДІҢ КЕПІЛІ



Қазақстанның көрікті аймақтарының бірі – Ескелді ауданы. Бұл аудан табиғатының әсемдігімен, еңбекқор халқының мәдениетімен және экологиялық тазалығымен ерекшеленеді. Қазіргі заманда қоршаған ортаны қорғау, экологиялық тепе-теңдікті сақтау аса маңызды. Осындай игі істердің үлгісін Ескелді жерінен көруге болады.

Ескелді ауданының табиғаты көз тартарлық. Мұнда таулар мен жазықтар, өзендер мен тоғайлар үйлесім тауып жатыр. Таза ауа мен табиғи көрініс бұл аймақтың басты байлығы болып саналады. Таңертеңгі салқын самал мен таудан соққан жел адамға ерекше сергектік пен қуат береді.

Аудан экологиялық жағынан таза өңірлердің бірі. Мұнда ірі өндіріс орындары аз болғандықтан, табиғи орта бұзылмаған. Тұрғындар таза ауаның қадірін жақсы біледі және оны сақтау үшін қолдан келгеннің бәрін істейді. Жыл сайын көктем мен күз мезгілдерінде ағаш егу, жасыл белдеу құру, табиғатты қорғау акциялары өткізіледі.

Ескелді ауданында «Таза аула – таза қоғам» деген ұғым ерекше мәнге ие. Әрбір ауылда тұрғындар өз үйлерінің айналасын тазалап, гүл мен ағаш отырғызуды дәстүрге айналдырған. Көптеген ауылдарда «Үлгілі аула», «Көрікті көше», «Жасыл ауыл» сияқты байқаулар ұйымдастырылып, тұрғындар белсене қатысады. Бұл шаралар тек тазалық үшін емес, адамдардың бойында табиғатқа деген құрмет пен жерге деген сүйіспеншілікті қалыптастырады. Әрбір таза аула – туған жердің көркін арттырып, ауданның жалпы мәдени деңгейін көтереді.

Ескелді ауданында экологиялық мәдениетке ерекше назар аударылады. Мектептерде, балабақшаларда және мәдениет үйлерінде экологиялық тәрбиеге арналған іс-шаралар жиі өткізіледі. Балалар мен жастар табиғатты қорғауға, өз ауылдарын көркейтуге атсалысады. Мысалы, мектеп оқушылары мен жастар ұйымдары «Бір тал кессең, он тал ек!», «Туған жерге – таза жүрек!», «Жасыл ел» сияқты бағдарламаларға қатысады. Бұл бастамалар жас ұрпақтың бойында жауапкершілік сезімін оятады және туған жердің болашағына қамқорлықпен қарауға үйретеді.

Таза ауа мен таза аула – бұл тек көркемдік немесе сұлулық мәселесі емес, бұл адам денсаулығының кепілі. Таза ортада өмір сүрген адамның өмір сапасы артып, денсаулығы жақсарады. Ескелді ауданында ауыл шаруашылығы экологиялық таза өнім өндіруге бағытталған. Таза су, таза топырақ пен таза ауа – мұның бәрі осы аймақтың өнімдерін ерекше дәмді әрі пайдалы етеді. Ескелді ауданының тұрғындары өз жерін сүйеді, қоршаған ортаны қорғауды басты парыз деп біледі. «Туған жердің топырағын таза ұстау – ұрпақ алдындағы борыш» деген түсінік берік орныққан. Аудан халқының бірлігі мен белсенділігі арқасында Ескелді жері жыл сайын көркейіп, гүлденіп келеді.

Бүгінде Ескелді – таза ауа, таза аула, таза ойлы адамдардың мекені. Мұндай аймақ – елдің мақтанышы, болашақ ұрпаққа үлгі. Егер әрбір қазақстандық өз өлкесіне осындай қамқорлықпен қараса, онда еліміз экологиялық таза әрі көрікті мемлекетке айналары сөзсіз.

Ескелді ауданының табиғаты мен халқы – біртұтас өлем. Таза ауа мен таза аула – бұл аудан тұрғындарының өмір сүру философиясы. Мұнда әрбір адам өз туған жерінің көркеюіне үлес қосады. Сондықтан Ескелді – тек географиялық аймақ емес, ол тазалықтың, еңбектің және рухани сұлулықтың символы.

Бүгінде Ескелді ауданы тек табиғатының сұлулығымен ғана емес, тазалығымен, тәртібімен және тұрғындарының ұйымшылдығымен де ерекшеленеді. Әр аула мен көше таза, жасыл желекке бөленген. Бұл – сіздердің еңбектеріңіздің, қамқорлықтарыңыздың және туған жерге деген сүйіспеншіліктеріңіздің нәтижесі.

Таза орта – салауатты өмірдің кепілі. Сіздердің тазалық пен тәртіпке деген жауапкершіліктеріңіз ауданның көркін арттырып қана қоймай, болашақ ұрпаққа үлгі болып отыр.

Бірліктеріңіз бен белсенділіктеріңіз үшін ризашылығымызды білдіреміз!

«Туған жердің тазалығы – халықтың абыройы», деген сөз бар. Сол абыройды биік ұстағандарыңыз үшін рахмет! Туған өлкеміз Ескелді әрдайым таза, гүлденген және бақытты мекен болып қала берсін!

Аяжан Ерланқызы

ОТ ЖАҒУ КЕЗІНДЕ ӨРТТЕН САҚ БОЛЫҢЫЗДАР

Пешті жылыту кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу жылу беру кезеңіндегі өрттің тұрақты себебі болып табылады. Күн сайын пешті жылытуды қолдана отырып, адам қырағылықты жоғалта бастайды, бұл қолайсыз. Сіздің үйіңізде жайылықты тудыратын пештен шығатын жылу ерекше назар аударуды қажет етеді, өйткені ол қуаныш әкеліп қана қоймай, дұрыс пайдаланылмаса, өртке әкелуі мүмкін.

Көптеген үй иелері пештерді жылыту режимін сақтамайды, олар пешті таңертең қыздырады, сонда жылу кешке дейін жетеді. Қызып кетудің салдарынан өрт сөндіргіштердің, түтін мұржаларының және құбырлардың қабырғалары жарылып, өрт шығуы мүмкін.

Пештердің көпшілігін пештер мен түтін мұржаларын орнату кезінде өрт қауіпсіздігі

талаптарын бұзатын білікті емес өздігінен жұмыс істейтін жұмысшылар орнатады, бұл нақты өрт пен өлім қаупін тудырады.

Жанып жатқан бөлменің есігін артыңыздан қаттырақ жабу өте маңызды, бұл оттың пәтердегі барлық бөлмелерге таралуына жол бермейді.

-Егер кіреберіс есік жаққа баратын жол отпен және түтінмен бөгеттелсе, балкон арқылы өзіңізді құтқарыңыз. Балкон есігін өзіңіздің артыңыздан міндетті түрде жауып қойыңыз. Төменгі қабатқа балкон люгі арқылы немесе қосылған балкон арқылы көршілердің көмегімен өтуге болады.

-Құтқарылудың тағы бір жолы – терезе арқылы. Бөлмеге кіретін есікті шүперектермен және жиназдармен тығыздаңыз. Сіздің көмекке шақырған айғайыңыздың

естілгеніне көз жеткен соң, түтін аз мөлшерде тараған еденге жатыңыз. Осы түрде жарты сағаттай шыдауға болады.

Барлық ұсынылған нұсқаулықтар «әр түрлі өрт оқиғаларына» берілген. Бірақ олар ең бастысын алмастыра алмайды – ең алдымен өртке қарсы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біліп, сақтау қажет.

-Тұрмыстық электр аспаптарын қараусыз қалдырмаңыз және Қолдан жасалған электрлік жылытқыш аспаптарды қолданбаңыз. Өрт болған жағдайда жанып жатқан тұрмыстық электр аспабын (теледидар, жылытқыш және т.б.) ең алдымен залалсыздандырып, содан кейін «101» нөміріне қоңырау шалыңыз.

-Мүмкіндігіңіз болса пәтерге кіретін есіктен шығып кетуге тырысыңыз.

ЖЕТИСУДА СУ ТАСҚЫНЫНА ҚАРСЫ ҚОРҒАНЫС ДАМБЫЛАРЫ САЛЫНЫП, ӨЗЕН АРНАЛАРЫ НЫҒАЙТЫЛУДА

Жетісу облысында су тасқынына қарсы атқарылған іс-шаралардың нәтижесінде бүгінге дейін жалпы ұзындығы 2 км қорғаныс дамбылары салынып, жөнделді, 5,8 км су бұру арналары мен арықтар орнатылып, 2,7 км өзен және канал арналары механикалық тазартудан өтті, өзендердің 4 шақырымында тереңдету, арналарын түзеу және жағалауды нығайту жұмыстары жүргізілді. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің мәліметін сөйкес, су тасқынының алдын алу жұмыстары облыстың даму жошпары мен 2025 жылдың жазғы-күзгі инженерлік жұмыстарының жошпары аясында атқарылуда. Қазіргі кезде Талдықорған қаласында «Үйтас» пен «Қаратал» саяжай қауымдастықтарының аралығында Қаратал өзенін механикалық тазалау, тереңдету, арнасын түзеу мен нығайту жұмыстары аяқталуға жақын. Сол сияқты Панфилов ауданы Сүптай ауылында Тышқан өзенінің арнасы нығайтылып жатыр. Сонымен қатар су тасқынының алдын алу бағытында жүзеге асырылу жоспарланған 16 іс-шараның 8-і бүгінгі күнге аяқталған. Атап айтқанда, Сарқан ауданы Қарабөсет ауылында Лепсі, Көксу ауданында Быжы және Жарлыөзек өзендерінің жалпы ұзындығы 830 м арнасы түзетілді. Көксу ауданының Мұқаншы және Мұсабек ауылдарында 2,7 км жуық су бұру каналдары тереңдетілді. Кербұлақ ауданы Сарыөзек ауылында 500 м су бұру каналы жайластырылды. Қаратал ауданы Көкдала ауылында және Ақсу ауданы Қапал ауылында су бұру каналдарының 2,5 км жуығы тереңдетілді. Сол сияқты тағы 8 нысанда осындай жұмыстар жалғасуда. Бұл ретте өзен арналарын түзетіп, тереңдетумен қатар дамбы мен көпір орнату және жөндеу, су өткізу құрылыстарын жөндеу және өткізу қабілетін ұлғайту, магистралды каналдарды механикалық тазарту сияқты іс-шаралар атқарылып жатыр.

- Оған қоса жоспардан тыс Кербұлақ ауданы Шұбар ауылында Кескентерек өзенінің арнасы түзетіліп, тереңдетілді. Талдықорғанда Балықты, Қаратал ауданы Тастөбе ауылында Қаратал өзендерінің жағалауларын нығайту мен арналарын механикалық тазалау жүргізілуде. Жалпы алғанда су тасқынына қарсы жүргізілген жұмыстардың арқасында өңірде ұзындығы 2 км қорғаныс дамбылары салынып, жөнделді, 5,8 км су бұру арналары мен арықтар орнатылып, 2,7 км өзен және канал арналары механикалық тазартудан өтті, 4 км-де тереңдету, өзен арналарын түзеу және жағалауды нығайту жұмыстары жүргізілді. Бұдан бөлек, санитарлық тазарту жұмыстары аясында 48 км канал, 71 км арық және 1489 дана су өткізу құрылысы тазартылды. Мұндай жұмыстардың су тасқынының алдын алуда маңызы зор. Сондықтан осы бағыттағы жұмыстар жалғасады, - дейді Жетісу облысы ТЖД Төтенше жағдайлардың алдын алу басқармасының бастығы Ринат Тазабеков.

Фотосуреттерді Жетісу облысы ТЖД ұсынды

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі



«Үйдің» өрттің ошағына айналуын болдырмау үшін өрт секторының және тұрғын үй секторында қайтыс болудың алдын алу мақсатында Алматы облысы Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері азаматтарды жылыту пештерін орнату және пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға шақырады:

- пештерде және басқа жылыту қондырғыларында жанғыш құрылымдардан өртке қарсы кесінділер (ауытқулар) нормалармен белгіленген болуы керек, күйіп қалмай және зақымдалмастан (ағаш немесе басқа еденде жанғыш материалдардан жасалған) өлшемдері кемінде 50х70 см пешке дейінгі металл қаңылтыр болуы керек;
- мұржалар мен пештерді күйіктен тазарту қажет, сонымен қатар бүкіл жылыту маусымы кезінде кемінде үш айда бір рет;
- шатырларда түтін арналары өтетін барлық мұржалар мен қабырғаларды әктеу керек.
- ағаш шатырлармен немесе едендермен төбелермен түйісетін жердегі пештің, мұржаның кірпіштің қалыңдығы - кесу болуы керек. Пештің қабырғаларының қалыңдауы туралы ұмытпаңыз.
- кез-келген пештің тәуелсіз

- іргетасы болуы керек және қабырғалардың бірінің бүкіл жасықтығын ағаш конструкциялармен жапсарламауы керек. Олардың арасында ауа саңылауын қалдыру керек - шегіну.
- пештің қызып кетуіне жол бермеу үшін оны күніне 2-3 рет және бір жарым сағаттан артық емес қыздыру ұсынылады.
- Ұйықтар алдында 3 сағат бұрын пешті тоқтату керек.
- пеш үстінде заттарды кептірмеңіз және дымқыл отын жасамаз. Жуһаз, перделер жылыту пешінің массивінен кемінде жарты метр қашықтықта орналасқанына көз жеткізіңіз.
- Пешті жылыту кезінде тыйым салынады:
- жылыту пештерін қараусыз қалдырыңыз, оларды қадағалауды жас балаларға тапсырыңыз;
- отынды, басқа жанғыш заттарды және материалдарды пешке және пешке дейінгі тақтаға орналастырыңыз;
- пештерді жағу үшін бензин, керосин, дизель отынын және басқа жанғыш және жанғыш сұйықтықтарды қолданыңыз;
- мұржалар ретінде желдеткіш пен газ өткізгіштерді қолданыңыз;
- қызып тұрған пештер.

Ескелді ауданы ТЖБ баспасөз қызметі.

АБАЙ АУЫЛЫНДА БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖАҢА СПОРТ АЛАҢЫ АШЫЛДЫ



Абай ауылында балалардың денсаулығын нығайтып, бос уақытын тиімді өткізуіне бағытталған жаңа спорт алаңы пайдалануға берілді. Бұл игі бастама ауыл тұрғындары үшін қуанышты жаңалық болды. Заманауи талаптарға сай салынған алаң балалардың ғана емес, жастардың да спортпен шұғылдануына мүмкіндік береді. Жаңа спорт нысанында футбол, баскетбол, жеңіл атлетика сияқты түрлі спорт түрлеріне арналған жабдықтар орнатылған. Қауіпсіздік талапта-

ры толық сақталып, алаң арнайы жұмсақ жабынмен қапталған. Бұл балалардың ойнап жүріп жарақат алу қаупін азайтады. Сонымен қатар, шамдар мен бейнебақылау жүйесі орнатылып, алаңның кешкі уақытта да пайдаланылуына жағдай жасалған. Алаңның ашылу салтанатында ауыл тұрғындары мен мектеп оқушылары жиналып, мерекелік шара өткізілді. Ауыл әкімдігі мен жергілікті демеушілер бұл жобаны жүзеге асыруға үлкен үлес қосты. Олар балалардың дамуына жағдай жасау — ауылдың болашағына салынған инвестиция екенін атап өтті. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, бұрын балалар үшін мұндай кең әрі қауіпсіз ойын және спорт алаңы болмаған. Енді ауыл жасөспірімдері бос уақытын тиімді өткізіп, спортпен шұғылдануға жаңа мүмкіндік алды. Жаңа спорт алаңының ашылуы — Абай ауылындағы әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту жолындағы маңызды қадам. Бұл бастама ауылдың дамуына серпін беріп, спортты насихаттауға зор үлес қосары анық.

ӨНЕРДІҢ АСПАНЫНДА ЖҰЛДЫЗ БОЛДЫҢ



Қазақстанда «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы 2007 жылдан бастап, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы мен Қазақстан Республикасының кітапханалық қауымдастығының ұйымдастыруымен жылма-жыл өткізіліп келе жатқан танымалдыққа ие жоба. Республикалық акцияның мақсаты – қазақ әдебиетін насихаттау, қоғамның кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, Қазақстанның әдеби мұрасын зерттеуге мүмкіндік туғызу, өскелең ұрпақтың зияткерлік-рухани дамуы мен ана тіліне деген құрметін көтеру. Жоба аясында осы жылдар ішінде мыңдаған түрлі форматта кездесулер, көрмелер, жаңа технологиялық ақпараттар арқылы виртуальды көрмелер, сайттар, челленджер, байқаулар ұйымдастырылып, оған миллиондаған аудитория тартылды. Құрамында елімізге белгілі ақын-жазушылар мен журналистер, кітапханашылары бар акцияның ұйымдастыру комитеті жылда отырыс өткізіп, өңір кітапханаларынан келген ұсыныстар мен оқырмандардың талғамын ескеріп, қазақ әдебиетінде есімі ұмытылып бара жатқан немесе мерейтойы тұспа-тұс келетін қаламгер шығармасын жыл бойы ел болып оқуға таңдайды. Қазақ әдебиетінің поэзия және проза жанрынан екі автордың оқуға шешім қабылдады. Проза жанры бойынша көпшілік дауыспен ұлтымыздың көрнекті жазушысы, ақын, сыншы, аудармашы, суреткер Тәкен Әлімқұловтың шығармаларын оқу ұсынылды. Поэзия жанры бойынша мемлекеттік сыйлықтың иегері, көрнекті ақын, биыл 90 жылдық мерейтойы аталып өтетін Жүмеке Нәжімеденовтың шығармалары таңдалды. «Бір ел – бір кітап» акциясы аясындағы іс-шаралар оқырмандарға осы екі талантты автордың шығармалар әлеміне енуіне мүмкіндік береді. Енді жыл бойы ел болып оқуға таңдалған екі автордың шығармалары көпшілік кітапханаларда түрлі форматтарда жан-жақты насихатталады, бұл Әлімқұлов пен Нәжімеденов шығармашылығының қазақ әдебиеті мен жалпы әлемдік мәдениет үшін маңызын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Сырымбет ауылдық кітапханашылары:
Р.Бектуганова
Д.Жанталинова.

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҚҰПИЯСЫН ЗЕРТТЕГЕН ҒАЛЫМ

Шоқан Уәлихановқа арналған танымдық шолу өтті. Өткен аптада Жалғызағаш ауылдық кітапханасында 7–8 сынып оқушыларына арналған «Ұлы дала құпиясын зерттеген» атты танымдық шара өткізілді. Шара мақсаты – қазақтың ұлы ғалымы, шығыстанушы, этнограф Шоқан Уәлихановтың өмірі мен ғылыми мұрасын оқушыларға кеңінен таныстыру. Шоқан Уәлиханов – қазақ ғылымының алғашқы кәсіби энциклопедист-ғалымы. Ол 1835 жылы Құсмұрын бекінісінде дүниеге келіп, жасынан білімге құштарлығымен ерекшеленді. Абылай ханның шөбересі, Кенесары Қасымұлының жиені болған Шоқанға қазақтың ауыз әдебиеті мен тарихына қызығушылықты әжесі Айғаным дарытқан. Шара барысында ғалымның шығыстану саласына қосқан зор үлесі жайлы айтылды. Оқушылар оның Орталық Азия халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттегенін, бірнеше ірі экспедицияларға қатысқанын, «Манас» жырын алғаш ғылыми түрде жазып алғанын білді. Сонымен қатар Шоқанның қазақ халқының үш жүзі — біртұтас халық екенін дәлелдеу жолындағы еңбектері де атап өтілді. Қатысушылар ғалымның қысқа ғұмырында қалдырған еңбектері бүгінгі ғылым үшін де құнды екенін түсініп, оның әлемдік деңгейде мойындалған тұлға екеніне көз жеткізді.



Г. Сыдыкова,
Жалғызағаш ауылдық кітапханасының кітапханашысы

ҰСТАЛЫҚ – АТА-БАБАДАН ҚАЛҒАН КӨНЕ КӘСІПТІҢ БІРІ



Ұсталық – ата-бабадан қалған көне кәсіптің бірі. Соның ішінде ағаш ұстасы болу – табиғатпен тілдесіп, әр бөлшекке жан бітіретін ерекше өнер. Осындай сирек кездесетін, бірақ өте қажет мамандықтың иесі, ауданымыздың белді ағаш ұстасы – Саят Ерболұлымен арнайы сұхбаттасып қайтқан едік. – Саят аға, ең алдымен, өзіңіз жайлы қысқаша айтып өтсеңіз. – Есімім Саят Ерболұлы, осы Ескелді ауданында туып-өстім. Ағаш ұстасы болып жұмыс істеп жүргеніме 20 жылдан асты. Бұл кәсіпті әкемнен үйрендім – ол да кезінде колхозда ағаш шебері болған. Ұсталықты бала күнімнен көріп өскен соң, мектеп бітірген соң бірде осы жолды таңдадым. Алғашқыда үй жиһаздарын жөндеуден бастап бүгінде толық үй салуға дейінгі деңгейге жеттім. – Ұсталық кәсіптің қиындығы мен қызығы туралы айтып берсеңіз. – Ағашпен жұмыс істеу – сабыр мен ұқыптылықты талап етеді. Әр тақтайдың өз «мінезі» бар. Бірі майысқақ, бірі морт сынғыш, енді бірі аса сапалы. Соның бәрін білу – жылдар бойы жиналған тәжірибенің нәтижесі. Қиын сәттер көп, есіресе тапсырыс беруші ерекше дизайн сұраса немесе сирек кездесетін ағаш түрімен жұмыс істеу қажет болса. Бірақ дәл сол қиындықтың артында үлкен шығармашылық тұрады. Ағашқа жан бітіріп, оны елдің қажетіне жарату – мен үшін ең үлкен мәртебе. – Қандай бұйымдар жасайсыз? Тапсырыстар көп пе? – Қазір көбіне үй жиһаздарын – үстел, орындық, шкаф, төсек, есік-терезе жасаймын. Сонымен қатар, ұлттық нақыштағы кебеже, бесік, сандық секілді заттарға сұраныс артты. Жуырда бір отбасына қолдан ойылған үлкен астау жасап бердім. Қаладан да, көрші ауылдардан да тапсырыс берушілер жиі келеді. Ағаштан ойып жасаған жиһаздың сапасы ұзаққа шыдайтынын жұрт жақсы біледі. – Қазіргі жастардың жұмысшы мамандықтарға көзқарасы қандай деп ойлайсыз? – Ашығын айтсам, жастар арасында қол өнерге қызығушылар азайып бара жатқан сияқты. Бірақ соңғы кезде кәсіби техникалық білімге қайта бетбұрыс байқалады. Қазір мемлекет тарапынан жұмысшы мамандықтарға қолдау артып келеді. Бұл өте дұрыс қадам. Жастарға «қолмен жұмыс істеу – артықшылық» екенін ұғындыруымыз керек. Ұста, дәнекерлеуші, құрылысшы, электрик – бәрі де елге қажет мамандық. Ең бастысы – өз ісінді адал істей білу. – Жастарға қандай кеңес берер едіңіз? – Ең алдымен, қандай кәсіпті таңдасаң да, жүрекеңмен істеу керек. Ұстаның қолы еңбекпен емес, адал ниетпен шеберленеді. Екіншіден, нағыз маман болам десең, үнемі ізденіп, жаңарып отыруың керек. Мен де қазір интернеттен түрлі жаңа дизайнерды қарап, өз бұйымдарыма заманауи үлгі енгізіп жүрмін. Қол өнері ешқашан ескірмейді, тек соған деген көзқарас жаңаруы керек. – Болашақ жоспарыңыз қандай? – Алдағы уақытта шағын ұстаханамды кеңейтіп, жанымда жастарды оқытып-үйрететін шеберхана ашқым келеді. Кәсібімді мұра етіп қалдыру – менің арманым. Осы өнерді сүйіп, жалғастыра жастар шықса, үлкен қуаныш болар еді. Саят Ерболұлы – қарапайым еңбек адамының бүгінгі бейнесі. Оның шеберханасынан шыққан әр бұйым – төзім мен шеберліктің, ұлттық рух пен еңбекқорлықтың жемісі. Біз Саят ағаға денсаулық пен шабыт тілейміз. Еңбегі жана берсін!

МЕН МЕКТЕПKE БАРАМЫН, ОҚЫШ БІЛІМ АЛАМ



Балаларды кітап оқыту арқылы ой-санасын дамыту, адамзат қоғам тарихында жазу-сызбасталғалы кітап бейне көусар бұлақтай адалды рухани қандырып, жабырқау көңілдерін қалдыратып келе жатқан құнды дүниелердің бірі екенін ұғындыру мақсаттың бірі. Ауыз әдебиетіндегі жас сәбиді жұбатқанда, оның тұсауын кескен де, бесікке бөлеп әлдилегенде айтатын бесік жырының тәрбиелік мәні өте керемет болып табылған. Ананың ақ тілегі, сүйіспеншілігі, баласына қояр талабы мол болған. Міне, осы салт-дәстүрге байланысты айтылған кез-келген мәнді мағыналы жырлардың бәрі біздерге кітап арқылы жеткен. Сол кітапты оқу мен оқығандарын іске асыру болашақ ұрпақтың ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы сақтап келген ұлт болашағына тигізетін пайдасынның бір бөлшегі болып табылады. Кітап оқуға деген қызығушылық, ерте балалық жастан қаланады және кітапқа деген қызығушылықты дұрыс қалыптастыратын ата-анаға байланысты болады. Отбасы жас жеткіншектің тұлғасын дамытудағы негізгі орта болып табылады. Сондықтан оқуға деген қажеттілікті, қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыратыны сөзсіз. Балабақшадан басталған кітапқа деген қызығушылықты тәрбиеші ойындар арқылы бала санасын ұялатып, оның сана-сезіміне түсік арқылы жеткізіп отыру керек. Бала балабақша табалдырығын аттаған күннен бастап кітаптың құдіретін ұғындыру. Жыртпауға, сызбауға, боямауға үйрету тәрбиешілердің басты міндеті болған дұрыс. Балабақшадан кейін бала мектеп табалдырығын аттап, білім ұясына қанаттанып жетілетін балапан сияқты, біліммен сусындайды. Міне, осы шақта бала ең алғашқы кітабы әліппемен танысып, білім жолына түсуіне ықпал жасау керек. Сондықтан кітаппен дос бола білу сонау балалық шақтан басталуы керек.

Р.Бектуганова,
Сырымбет ауылдық кітапханашысы

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ТАҒЫЛЫМЫ

Ұлы тарихты ұлықтау Қазақ халқының мемлекеттілік тарихында ерекше орны бар. Қазақ хандығының құрылғанына биыл 560 жыл толып отыр. Бұл – халқымыздың мыңжылдық мемлекеттілік дәстүрінің, елдік бірлігінің, тәуелсіздікке деген ұмтылысының айқын дәлелі және мемлекеттілік дәстүрінің терең тамырын көрсететін маңызды тарихи белес. Өз уақытының аса білімді де танымал ғалымдарының бірі, тарихқа кәсіби тұрғыдан қарай білген тарихшы, жазушы Мұхаммед Хайдар Дулати қазақ хандығының құрылған кезеңі туралы құнды мағлұмат жазған.

Тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати әлемге кең тараған «Тарихи-и-Рашиди» атты еңбегінде: «Ол Дешті Қыпшақты Өбілхайыр хан биледі. Ол Жошы әулетінен шыққан сұлтандарға күн көрсетпеді. Нәтижесінде Керей мен Жәнібек Моғолстанға көшіп кетті. Есенбұға хан оларды қарсы алып, Моғолстанның батыс шегіндегі Шу мен Қозыбас аймақтарын берді. Ол көшіп келген өзбектерді «қазақтар» деп атады. Қазақ сұлтандары 870 жылдары билей бастады...» деген мәлімет қалдырған

Үш жарым ғасырдан астам өмір сүрген Қазақ хандығы дәуірі өз ішінде екі үлкен тарихи кезеңге бөлінеді. Біріншісі – бір орталықтан басқарылған кезең, екіншісі-бытыраңқылық кезең деп аталады. Бірінші кезеңге хандық құрылғаннан, яғни 1465 жылдан 1715 жылы Тәуке хан қайтыс болғанға дейінгі

аралық жатса, ал екінші кезең 1715-1824 жылдар аралығын қамтиды.

Бірінші кезең тағы да өз ішінде шартты түрде бірнеше кішігірім кезеңдерге бөлінеді. Олар – хандықтың құрылуы, күшеюі, әлсіреуі, қайта өрлеуі, өзара талас немесе текетірес, жоңғарлармен алғашқы күрес, «алтын ғасыр» кезеңдері. Осы кезеңде Қазақ хандығында мынадай хандар билік жүргізді: Керей хан, Жәнібек хан, Бұрындық хан, Қасым хан, Мамаш хан, Тахир хан, Бұйдаш, Ахмет,Тоғым хандар бір мезгілде, Хақназар хан, Шығай хан, Тәуекел хан, Есім хан,Тұрсын хан, қайта Есім хан, Жәнібек хан, Жәңгір хан, Тәуке хан.

Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін екінші кезең – бытыраңқылық кезең басталып Қазақ елінде – Ұлы жүзде, Орта жүзде және Кіші жүзде жеке хандар пайда болды.

Қазақ хандығының құрылуы XV ғасырдың ортасында Керей мен Жәнібек хандардың басшылығымен жүзеге асты. Дешті Қыпшақ аумағында саяси тұрақсыздық күшейді. Өбілқайыр хан билеген мемлекет ішінде алауыздықтар орын алып, көптеген ру-тайпалар жаңа саяси орталық іздей бастады. Осы жағдай Керей мен Жәнібек сұлтандардың Моғолстан жеріне көшіп, жаңа хандықтың негізін қалауына себеп болды. Олар Өбілхайыр хандығындағы саяси тұрақсыздыққа, руаралық тартыстарға қарсы тұрып, елдің бір бөлігін бастап Моғолстанға қоныс аударды. Есенбұға хан Шу бойы мен Қозыбасы өңірін қоныс ретінде беріп, дәл осы жерде Қазақ хандығының негізі қаланды. Қазақ хандығының қалыптасуы мен нығаюы бірнеше тарихи кезеңдерден тұрды. Қасым ханның тұсында хандықтың аумағы кеңейіп, халық саны артты. «Қасым ханның қасқа жолы» құқықтық жүйесінің қабылдануы мемлекеттің ішкі құрылымын нығайтып, заңдар жинағы мемлекеттік басқару жүйесінің маңызды бөлігіне айналды. Одан кейін Хақназар, Тәуекел, Есім хандардың тұсында хандық күшейіп, елдің саяси тұрақтылығы қамтамасыз етілді.

Тәуке хан билік құрған кезеңде «Жеті жарғы» қабылданып, қазақ қоғамының құқықтық нормалары бір жүйеге келтірілді. Хақназар мен Тәуекел хандардың саясаты Қазақ хандығын аймақтағы ықпалды күшке айналдырды.

Бүгінгі ұрпақ үшін Қазақ хандығының құрылуы – тек тарихи дерек ғана емес, бұл – егемендікке бастау болған маңызды белес, ұлттық рухтың символы.

Хандықтың мұрасы бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның идеологиялық және рухани негізін құрайды.

Қазақ хандығының құрылуына 560 жыл толуына орай, Нұрмолда Алдабергеновтың мемориалды музейі «Қазақ елі тарихы» атты дәріс ұйымдастырылды. Шараға мектеп оқушылары қатысып, Қазақ хандығының құрылу тарихымен, қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу кезеңдерімен жан-жақты танысты. Дәріс барысында «Ұлы дала елінің ұлы тарихы» атты бейнефильм көрсетіліп, оқушылар XV ғасырдағы қазақ даласының саяси жағдайын, хандықтың құрылу себептерін, Керей мен Жәнібек хандардың елді біріктірудегі рөлін терең түсінді. Сонымен қатар, музей қорынан алынған батырлардың қару-жарақ үлгілері, жауынгерлік дәстүрлерге қатысты жәдігерлер ұсынылды. Бұл жәдігерлер жас буынға ата-бабымыздың тектілігін, жауынгерлік рухын, ел қорғаудағы ерлігін сезінуге мүмкіндік берді. Дәріс жас ұрпақтың ұлттық тарихқа деген қызығушылығын арттырып, олардың бойына отансүйіштік пен елжандылық сезімін сіңірді.

Қазақ хандығының 560 жылдығы – ұлт тарихын ұлықтаудың, жас ұрпақ санасына мемлекеттілік мұратын сіңірудің сәті. Осындай тағылымды шаралар арқылы өскелең буын елін, жерін сүюдің, бабалар аманатына адал болудың маңызын түсіне алады.

Ж.Ахатаева.,

Н.Алдабергеновтың мемориалды музейінің экскурсия жетекшісі

ПРОФИЛАКТИКА ВИЧ/СПИД ИНФЕКЦИИ

Ежегодно 1 декабря отмечается всемирный день борьбы со СПИДом. Этот день служит напоминанием о необходимости остановить глобальное распространение эпидемии ВИЧ/СПИДа.

ВИЧ может инфицироваться человек любого возраста, пола, расы, этнической принадлежности, социально-экономической группы и сексуальной ориентации, если он/она пренебрегает средствами защиты во время сексуальных контактов или пользуется общими иглами и/или шприцами с ВИЧ-инфицированным человеком. Вирус может передать своему ребёнку инфицированная ВИЧ женщина во время беременности, родов или грудного вскармливания.

ВИЧ-инфекция – вирусная инфекция, вызывающая иммунодефицитное состояние у человека, однако не каждый носитель вируса болен СПИДом. От момента инфицирования ВИЧ до развития СПИДа может пройти очень большое количество времени, иногда несколько лет. Почти у 60% ВИЧ-инфицированных бессимптомный период течения инфекции составляет 5-7 и более лет.

СПИД (синдром приобретенного иммунодефицита человека) – конечная стадия ВИЧ-инфекции, при которой состояние иммунной системы человека настолько угнетено, что она неспособна сопротивляться никаким видам инфекций. Даже безобидная простуда при СПИДе может стать причиной летального исхода.

Пути заражения:

- Половой контакт – распространенный путь инфицирования ВИЧ. При сопутствующих заболеваниях, передающих-ся половым путем, риск передачи ВИЧ увеличивается. Половые инфекции часто протекают с нарушением целостности слизистой половых органов (язв, пузырьков, эрозий, трещин), что является дополнительным фактором риска передачи вируса. ВИЧ-инфекция может передаваться при всех видах сексуальных контактов. Особенно высок риск передачи при анальном сексе, т.к. существует риск травмирования слизистой прямой кишки и прямого контакта с кровью.

- Гемотрансфузионный путь (при переливании крови и ее компонентов, а также среди наркоманов при использовании нестерильных шприцев или игл). В настоящее время на долю гемотрансфузионного пути заражения ВИЧ приходится наибольшее количество случаев.

- Трансплацентарный (от матери ребенку при беременности, при лактации).

Группы риска по ВИЧ:

- Наркоманы;
- Проститутки и их клиенты;
- Лица, ведущие беспорядочную половую жизнь;
- Лица, практикующие секс без предохранения;
- Лица, практикующие анальный секс (в т.ч. гомосексуальной ориентации);
- Лица, страдающие заболеваниями, передающимися половым путем;
- Пациенты, нуждающиеся в гемодиализе, переливании крови;
- Медицинские специалисты, контактирующие с ВИЧ-инфицированными;
- Дети ВИЧ-инфицированных матерей;

Диагностика ВИЧ-инфекции:

Пройти обследование на ВИЧ следует в следующих случаях:

- После сексуального контакта с новым партнером;
 - После незащищенного сексуального контакта;
 - В случае изнасилования;
 - Если стало известно, что постоянный половой партнер имел сексуальные контакты с другими людьми;
 - Если у полового партнера обнаружилась ВИЧ-инфекция;
 - После проведения пирсинга или татуировки;
 - После проведения процедуры переливания крови;
 - При обследовании на другие заболевания, передающиеся половым путем;
- Профилактика ВИЧ:
- Предотвращение случайных половых связей, использование барьерных методов защиты;
 - Предпочтение сексуальных контактов с постоянным половым партнером;
 - Регулярное обследование на ВИЧ обоих партнеров;
 - Отказ от употребления наркотиков, использование только одноразовых шприцев и игл.

Увы, несмотря на то, что ученые многих стран проводят исследования в данном направлении, на сегодняшний день не существует действенной вакцины против ВИЧ. Удалить вирус из организма невозможно, и это в данное время – факт.

Е.Сейсембинов

Руководитель УСЭК Ескельдинского района

ҚАЗАҚТЫҢ АСЫЛ ТУҒАН БАТЫР ҰЛЫ



Бауыржан Момышұлының 110 жылдығына арналған шара өтті Жалғызағаш ауылдық кітапханасында Жауқазын клубының мүшелерінің қатысуымен «Қазақтың асыл туған батыр ұлы» тақырыбында танымдық шара ұйымдастырылды. Іс-шара қазақ халқының даңқты перзенті, жазушы, Кеңес Одағының батыры, Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының 110 жылдығына арналды.

